

Әкімдіктің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 66 "Транстелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 283 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 қарашада № 9581 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 29 "Қостанай облысының Таран ауданын қайта атау туралы" Жарлығына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің "Транстелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2019 жылғы 27 наурыздағы № 66 қаулысына (2019 жылғы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесінде және бүкіл мәтін бойынша "Таран ауданының" және "Таран ауданы" сөз тіркестері "Бейімбет Майлин ауданының" және "Бейімбет Майлин ауданы" деп ауыстырылсын.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Муржакупов